

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ



ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚҰРАЛ

ГЕОГРАФИЯ



ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

2010



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ



ГЕОГРАФИЯ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

**Тестілер –ҰТО-ның интеллектуалдық меншігі.
ҰТО-ның рұқсатынсыз қандай мақсатта болсын, бұл тестілердің толық
не жеке парақтарының көшірмесін жасауға болмайды.**

**АСТАНА
2010**

УДК 373.167.1: 91

ББК 26.8 я72

Г 31 География пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. / Астана:
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2010 – 112 б.

ISBN 978–601–260–083–4

Оқу-әдістемелік құралға география пәні бойынша 2009 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуде пайдаланылған тест тапсырмаларының 25 нұсқасы енгізілген.

Оқу-әдістемелік құрал талапкерлердің ҰБТ мен кешенді тестілеуге дайындалуына көмек ретінде ұсынылады. Орта мектеп мұғалімдері тест жинағын оқу барысында оқушы білімін бақылауға пайдалана алады.

Г $\frac{4306020000}{00(05)-09}$

УДК 373.167.1: 91

ББК 26.8 я72

ISBN 978–601–260–083–4

© «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2010

КІРІСПЕ

Құрметті талапкер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) қатысуға дайындалу мүмкіндігін ұсынып отыр.

География пәні бойынша ұсынылып отырған тест тапсырмаларының мазмұны талапкерлердің қоршаған орта туралы білімдерін; әлемнің жалпы экономикалық сипаттамасын; жер бетіндегі адамзат және табиғат туралы білімдерін; географияның ғылым ретінде дамуын; Қазақстанның - әлемдік нарықтағы орнын; адамзаттың ғаламдық проблемаларын; қазіргі дүниежүзілік шаруашылығы туралы білімдерін тексереді.

Кітапша 2009 жылы ҰБТ-де пайдаланылған тест тапсырмаларынан құралған 25 нұсқадан тұрады.

Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары жабық түрде беріліп, 5 жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауды ұсынады.

Сондай-ақ кітапшаға сіздерге танысып, өз білім деңгейлеріңізді саралау мақсатында логикалық тест тапсырмаларын ұсынамыз.

Кітапшадағы тест тапсырмалары үш қиындық деңгейіндегі сұрақтардан тұрады: А - жеңіл, В - орташа, С - қиын.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін кітапша соңында берілген дұрыс жауап кілттерін пайдалануға болады.

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы:

География пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты:

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау және ҰБТ өткізу.

3. Міндеттері:

1. Қорытынды аттестациялау барысында жалпы білім беретін орта мектептердің 11 - сынып түлектерінің география пәнінен дайындық деңгейін анықтау.

2. ҚР ЖОО-на қабылдау үшін жалпы білім беретін орта мектептердің 11-сынып түлектерін саралау.

4. Тест мазмұны:

Тапсырмалардың мазмұны бойынша жіктелуі сарапшылар мен әзірлемешілерден құрылған шығармашылық топтардың әзірлеп, ҰТО-ның бекітуімен тақырып, тақырыпшалар түрінде ұсынылады.

Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 9, екінші деңгейде – 10, үшінші деңгейде – 6 тапсырма. Тест тапсырмалары Мемлекеттік стандарт негізінде жасалған мектеп бағдарламасына сай мына бағыттағы тапсырмалардан тұрады.

№	Мазмұны
01	Физикалық география
02	План және карта
03	Жер қабықтары
04	Географиялық қабық
05	Жер бетіндегі адамзат (нәсілдік құрамы)
06	Материктер мен мұхиттар географиясы
07	Географиялық қабық заңдылықтары
08	Жердегі материктер мен мұхиттар
09	Қазақстанның физикалық географиясы
10	Қазақстанның табиғатына жалпы шолу
11	Қазақстанның табиғат кешендері
12	Табиғатты қорғау және пайдалану
13	Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясына жалпы шолу
14	Қазақстанның шаруашылығына жалпы шолу
15	Қазақстанның экономикалық аудандары
16	Қазіргі дүние жүзіндегі Қазақстан
17	Дүние жүзінің жалпы сипаттамасы

18	Дүние жүзілік шаруашылық
19	Халықаралық экономикалық қатнастар
20	ТМД елдері
21	Еуропа елдері
22	Азия елдері
23	Америка елдері
24	Африка елдері. Аусралия. Мұхиттық аралдар елдері
25	Адамзаттың ғаламдық проблемалары

5. Тест жоспары:

1. Физикалық географияның бастапқы курсы – 4 тапсырма.
2. Физикалық география, материктер мен мұхиттар – 4 тапсырма.
3. Қазақстанның физикалық географиясы – 6 тапсырма.
4. Қазақстан Республикасының экономикалық географиясы – 5 тапсырма.
5. Дүние жүзінің әлеуметтік және экономикалық географиясы - 6 тапсырма.

6. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қоршаған орта туралы білімдері;
 Әлемнің жалпы экономикалық сипаттамасы;
 Жер бетіндегі адамзат және табиғат туралы мәлімет;
 Географияның ғылым ретінде дамуы;
 Қазақстан - әлемдік нарықта;
 Адамзаттың ғаламдық проблемалары;
 Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық.

7. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға берілген уақыт – 1,5 минут.
 Тестінің толық орындалу уақыты – 37,5 минут.

8. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Нұсқалардың саны ҚР БҒМ анықтайды. Тест нұсқаларының баламалығы:
 - тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
 - өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен,
 - барлық нұсқаларда қиындық деңгейін бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 25 сұрақ.

9. Тапсырма формасы:

Берілген бес жауап нұсқасында бір дұрыс жауапты таңдау.
 Нұсқау: «Таңдалған жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет».

10. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған әр тапсырма үшін мектеп бітіруші 1 балл алады. Дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл. Тест тапсырмасы толығымен дұрыс орындалған уақытта 25 балл алады.

11. Тапсырманың апробациясы:

Тапсырмалар республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 11 - сынып түлектерінде апробацияланады. (Шамамен алғанда 100 адамнан тұратын 2 қалалық, 2 ауылдық мектеп).

12. Тест нәтижелерінен күтілетін талдау:

1. 5 балдық жүйе бойынша орта мектеп курсы үшін аттестациялық баға қойылады.

2. Сертификатқа қойылатын балл жиынтығы ҚР ЖОО-на қабылдау конкурсына қатысуға құқық берді.

Тест тапсырмалары ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынып, бекіткен, 6-11 сыныптарға арналған оқулықтар негізінде жасалған.

География пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал сіздерге ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға көмек береді.

Оқу-әдістемелік құралдың мазмұнын жақсарту бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Победа даңғылы, 60. Веб-сайт: www.testcenter.kz, электрондық пошта: info@testcenter.kz, info@ncgsot.kz, факс/тел: 8(7172) 31-74-04.

1-нұсқа

1. Жер күнді бір рет айналып шығады
А) 362-663 күнде
В) 369 күнде
С) 364-366 күнде
D) 368 күнде
E) 365 күнде
2. Жер бетіндегі бір полюстен екінші полюске қарай шартты түрде жүргізілетін сызық:
А) Параллель
В) Экватор
С) Горизонталь
D) Меридиан
E) Бергштрих
3. Жер қабатының қозғалысын сезетін аспап:
А) Гигрометр.
В) Анемометр.
С) Барограф.
D) Сейсмограф.
E) Термометр.
4. Көлемі жөнінен екінші материк
А) Солтүстік Америка
В) Оңтүстік Америка
С) Еуразия
D) Африка
E) Аустралия
5. Қазақстан көлемі жөнінен Еуразияда
А) 2-ші орында
В) 7-ші орында
С) 9-шы орында
D) 4-ші орында
E) 3-ші орында
6. Қазақстанда хромиттердің негізгі кен орындары:
А) Барлық аталғандар
В) Шығыста
С) Оңтүстікте
D) Солтүстікте
E) Батыста

7. Каспий маңы ойпатының негізгі байлығы:
 - A) Көмір, темір
 - B) Көмір, газ
 - C) Мұнай, газ
 - D) Темір, мыс
 - E) Мыс, фосфорит
8. Қала рөлінің басымдылығы мен қала халқы санының артуы:
 - A) Урбандалу
 - B) Миграция
 - C) Реурбандалу
 - D) Агломерация
 - E) Мегалополис
9. Семей қаласындағы Ертіс көпірін салуға несие бөлген ел
 - A) Жапония
 - B) Малайзия
 - C) Оңтүстік Корея
 - D) Қытай
 - E) Сингапур
10. Кез келген аумақтың табиғат компоненттерінің жиынтығының біртұтас жүйесі:
 - A) Географиялық зона
 - B) Географиялық орта
 - C) Климаттық белдеу
 - D) Географиялық кешен
 - E) Географиялық белдеу
11. Аустралияның қысқы айлары
 - A) Ақпан, желтоқсан аралығы
 - B) Наурыз, сәуір аралығы
 - C) Қазан, ақпан аралығы
 - D) Желтоқсан, ақпан аралығы
 - E) Шілде, тамыз аралығы
12. Қазақстанда радонды ыстық минералды су көзі орналасқан
 - A) Жаркентте
 - B) Алмаарасанда
 - C) Қапаларасанда
 - D) Жаңақорғанда
 - E) Сарыағашта
13. Қазіргі уақыттағы экологиялық дағдарыстың негізгі себебін көрсетіңіз.
 - A) Адамның шаруашылық әрекеті.
 - B) Ұтымсыз ауыл шаруашылығы.
 - C) Ғарыштық зерттеулер.
 - D) Әскери әрекет.
 - E) Апатты жағдай.

14. Қазақстанның машина жасау өнеркәсібі негізі қалыптасқан кезең:
- A) Азамат соғысы кезінде.
 - B) I дүниежүзілік соғыс кезінде.
 - C) Қазан төңкерісі кезінде.
 - D) II дүниежүзілік соғыс кезінде.
 - E) Алғашқы бесжылдық кезінде.
15. Қазақстанның орталық аудандарын игерудегі негізгі қиындықтарды көрсетіңіз.
- A) Пайдалы қазбалардың болмауы.
 - B) Отын ресурстарының болмауы.
 - C) Транспорт тармақтарының болмауы.
 - D) Су ресурстарының болмауы.
 - E) Еңбек ресурстарының болмауы.
16. Жанұяны жоспарлау саясатын жүргізетін ел
- A) Қытай
 - B) Қазақстан
 - C) Австралия
 - D) Түркия
 - E) Египет
17. Болат қорытудан дүние жүзінде бірінші орын алатын ел:
- A) Жапония.
 - B) Қытай.
 - C) Ресей.
 - D) АҚШ.
 - E) Польша.
18. Ресейдегі байланыс жүйесінің аса ірі орталығы:
- A) Самара
 - B) Тольятти
 - C) Санкт-Петербург
 - D) Саратов
 - E) Ярославль
19. Еуропада ішкері жатқан мемлекет
- A) Англия
 - B) Португалия
 - C) Чехия
 - D) Испания
 - E) Италия
20. Жердің Күнді айналуы табиғаттағы ... туғызады.
- A) тәуліктік ырғақтылыққа
 - B) желдің қозғалуына
 - C) жыл ішіндегі ырғақтылықты
 - D) ауаның алмасуына
 - E) су айналымына

21. Африка материгінде биік, өрі ұзын тау тізбектерінің болмау себебі:
- A) Жауын-шашын көп жауады
 - B) Ежелгі платформада орналасқан
 - C) Экватор матерікті ортасынан қиып өтеді
 - D) Жер сілкіністерден
 - E) Геосинклинальды аймақта орналасқан
22. Шөлейттегі улы жыландар
- A) Сұр жылан, қалқан тұмсық жылан
 - B) Кіші сарыбас жылан, сұр жылан
 - C) Қалқан тұмсық жылан, су жыланы
 - D) Сұр жылан, қара шұбар жылан
 - E) Қара шұбар жылан, су жыланы
23. Фармацевтика препараттарын шығаратын кәсіпорын орналасқан қала:
- A) Тараз
 - B) Қостанай
 - C) Шымкент
 - D) Қарағанды
 - E) Ақтөбе
24. АҚШ-тағы мұнай-химия өнеркәсібінің басты ауданы:
- A) Колумбус.
 - B) Хьюстон.
 - C) Нью-Йорк.
 - D) Даллас.
 - E) Детройт.
25. Астанасы Веллингтон:
- A) Мариан аралдары.
 - B) Жаңа Зеландия.
 - C) Бисмарк архипелагі.
 - D) Жаңа Гвинея.
 - E) Жаңа Каледония.

2-нұсқа

1. Жер бетінің табиғаты, халқы,оның шаруашылық өрекеті туралы ғылым:
 - A) Геология
 - B) География
 - C) Картография
 - D) Гидрология
 - E) Топография
2. Экватор дегеніміз ...
 - A) Ол уақыт өзгеру сызығы болып есептеледі.
 - B) Ең ұзын параллель.
 - C) Ең ұзын меридиан.
 - D) Қысқа параллель.
 - E) Қысқа меридиан.
3. Жердің тіршілік қабығы:
 - A) Литосфера.
 - B) Биосфера.
 - C) Ионосфера.
 - D) Гидросфера.
 - E) Атмосфера.
4. Полюстерден экваторға қарай жер бетіне келіп түсетін күн сәулесі мөлшері қалай өзгереді:
 - A) артады
 - B) бір қалыпты
 - C) азаяды
 - D) кемиді
 - E) өзгермейді
5. Қазақстанмен ең ұзақ шекараласатын мемлекет:
 - A) Ресей.
 - B) Түркменстан.
 - C) Қытай.
 - D) Өзбекстан.
 - E) Қырғызстан.
6. Жер сілкінуді зерттейтін ғылым.
 - A) Геология.
 - B) Экология.
 - C) Биология.
 - D) Метеорология.
 - E) Сейсмология.

7. Маңғыстау таулы өлкесінің биік нүктесі
 - A) Қарақия
 - B) Бесшоқы
 - C) Қаратау
 - D) Үстірт
 - E) Ақтау
8. Қазақстанның ежелгі қалалары.
 - A) Павлодар, Өскемен.
 - B) Теміртау, Рудный.
 - C) Түркістан, Тараз.
 - D) Шымкент, Астана.
 - E) Екібастұз, Балқаш.
9. Қазақстан машиналарды сатып алады.
 - A) Түркіменстаннан.
 - B) Англиядан.
 - C) Ресейден.
 - D) Қырғызстаннан.
 - E) Австралиядан.
10. Шөп басқан, ормансыз, жазық жер:
 - A) Орман
 - B) Тундра
 - C) Шөлейіт
 - D) Дала
 - E) Шөл
11. Литосфералық тақталар жылына ... см-ге қозғалады:
 - A) 5-6
 - B) 20-30
 - C) 10-15
 - D) 2-5
 - E) 40-50
12. Скандинавия түбегінде орналасқан мемлекет:
 - A) Вьетнам
 - B) Ирландия
 - C) Норвегия
 - D) Даня
 - E) Англия
13. Кеме қатынасы екі айдан төрт айға дейін ғана созылатын мұхит
 - A) Үнді мұхитында.
 - B) Атлант мұхитында.
 - C) Солтүстік Мұзды мұхитта.
 - D) Ішкі теңіздерде.
 - E) Тынық мұхитында.

14. Республикадағы ірі марганец кен орындарының бірі.
- A) Теміртау.
 - B) Лисаков.
 - C) Жезді.
 - D) Лениногор.
 - E) Ащысай.
15. Аталғандардың ішіндегі ұлттық дін:
- A) Будда, ислам
 - B) Синтоизм, конфуциан, индуизм
 - C) Ислам, христиан
 - D) Будда, индуизм, ламаизм
 - E) Христиан, ислам, синтоизм
16. Дүние жүзі бойынша жүгері өсіруден көрнекті орын алатын мемлекет:
- A) Аргентина
 - B) Мексика
 - C) АҚШ
 - D) Австралия
 - E) Қытай
17. Армениядағы СЭС:
- A) Раздан
 - B) Арарат
 - C) Слеан
 - D) Ереван
 - E) Арпа
18. Гренландия аралы ... кіреді:
- A) Канадаға.
 - B) Исландияға.
 - C) Норвегияға.
 - D) Данияға.
 - E) АҚШ-қа.
19. Бразилияның астанасы.
- A) Рио-де-Жанейро.
 - B) Форталеза.
 - C) Бразилия.
 - D) Ресифи.
 - E) Сан-Паулу.
20. Қытайдағы Ебінұр көлінің ойысы мен Алакөл қазаншұңқырын қосатын таулы өлке:
- A) Алтай
 - B) Тянь-Шань
 - C) Тарбағатай
 - D) Жоңғар Алатауы
 - E) Сауыр

21. Мұғалжарда басым табиғат зонасы.
- A) Дала.
 - B) Орманды дала.
 - C) Жоғары белдеудегі аймақ.
 - D) Шөл.
 - E) Шөлейт.
22. Үстірт қорығы ұйымдастырылған жыл.
- A) 1983 жыл.
 - B) 1982 жыл.
 - C) 1984 жыл.
 - D) 1981 жыл.
 - E) 1980 жыл.
23. Жоғарғы вольтті аппаратура шығаратын зауыт
- A) Шымкентте.
 - B) Өскеменде.
 - C) Қарсақпайда.
 - D) Семейде.
 - E) Ақтауда.
24. Қазақстандағы мия зауыты ... орналасқан.
- A) Оралда.
 - B) Ақтөбеде.
 - C) Арқалықта.
 - D) Павлодарда.
 - E) Қостанайда.
25. Халықаралық экономикалық байланыстардың дәстүрлі және ең дамыған түрі:
- A) Халықаралық еңбек бөлінісі
 - B) Халықаралық мамандану
 - C) Дүниежүзілік несие рыногы
 - D) Халықаралық сауда
 - E) Халықаралық туризм

3-нұсқа

1. Грек тілінен аударғанда «география» сөзінің мағынасы:
 - A) Жерді өлшеу
 - B) Жерді сызу
 - C) Жерді сипаттап жазу
 - D) Жерді оқу
 - E) Жерді зерттеу
2. Жердің бетін оның үстіңгі жағынан кішірейтіп бейнелейтін сызба:
 - A) карта
 - B) аэрофотосурет
 - C) план
 - D) глобус
 - E) атлас
3. Жердің су қабығы:
 - A) Ионосфера.
 - B) Биосфера.
 - C) Гидросфера.
 - D) Литосфера.
 - E) Атмосфера.
4. Мұхиттың белгілі бір бөліктерін алып жатқан зор көлемді су
 - A) Су массасы
 - B) Мұзтау
 - C) Тольсу
 - D) Цунами
 - E) Толқын
5. Антропогендік табиғат кешенін ата :
 - A) Климат
 - B) Бөгендер
 - C) Топырақ
 - D) Өсімдіктер
 - E) Жануарлар
6. Қазақстан ... материгінде орналасқан:
 - A) Аустралия
 - B) Азия
 - C) Африка
 - D) Гондвана
 - E) Еуразия
7. Топырақ эрозиясы түрлерінің саны
 - A) 1
 - B) 3
 - C) 4
 - D) 2
 - E) 5

8. Қазақстан Алтайындағы қоршаған ортаны ластайтын негізгі көздердің бірін атаңыз.
- A) Автокөлік.
 - B) Металлургиялық заводтардағы өнеркәсіп қалдықтары.
 - C) Жер игеру.
 - D) Ауыл шаруашылық қалдықтары.
 - E) Су қоймасы.
9. Қазақстандағы облыстар саны
- A) 13
 - B) 12
 - C) 14
 - D) 15
 - E) 16
10. Қоңыржай белдеудегі дала мен шөлдің аралығындағы өтпелі зона:
- A) Шөл
 - B) Шөлейт
 - C) Орман
 - D) Дала
 - E) Тундра
11. Тынық мұхитынан өтпейтін климаттық белдеу
- A) Тропиктік
 - B) Қоңыржай
 - C) Экваторлық
 - D) Полярлық
 - E) Субтропиктік
12. Азиядағы ірі тау жүйесі.
- A) Альпі.
 - B) Тянь-Шань.
 - C) Карпат.
 - D) Орал.
 - E) Алтай.
13. Қазақстанда газ өңдейтін зауыт орналасқан қала:
- A) Алматы.
 - B) Жаңа өзен.
 - C) Қашаған.
 - D) Қарашығанақ.
 - E) Атырау.
14. Орталық Қазақстанда дамыған өнеркәсіп саласы
- A) жеңіл өнеркәсіп
 - B) автомобиль өнеркәсібі
 - C) машина жасау
 - D) ауыр өнеркәсіп
 - E) тамақ өнеркәсібі

15. Қазақстанның өнімін негізгі сатып алушылар.
- A) Ресей, Қытай.
 - B) Австрия, Венгрия.
 - C) Қырғызстан, Мексика.
 - D) Бельгия, Дания.
 - E) Молдова, Украина.
16. Латын Америкасындағы жер көлемі ең үлкен мемлекет.
- A) Эквадор
 - B) Аргентина
 - C) Перу
 - D) Бразилия
 - E) Мексика
17. Көмірді көп өндіретін
- A) Канада.
 - B) Австрия.
 - C) ОАР.
 - D) АҚШ.
 - E) Ұлыбритания.
18. Грузия өнеркәсібінің дәстүрлі саласы:
- A) Машина жасау
 - B) Химия өндірісі
 - C) Қара металлургия
 - D) Түсті металлургия
 - E) Тамақ өнеркәсібі
19. Скандинавия түбегіндегі мемлекет:
- A) Ирландия.
 - B) Швеция.
 - C) Швейцария.
 - D) Ұлыбритания.
 - E) Франция.
20. Солтүстік Африканы мекендейтін халықтар негізінен ... сөйлейді:
- A) Араб тілінде
 - B) Ағылшын тілінде
 - C) Банту және судан тілінде
 - D) Банту тілінде
 - E) Судан тілінде
21. Шөл зонасындағы өзен аңғарларында әр түрлі өсімдіктерден құралған қалың бұталар:
- A) Тасты шөл
 - B) Құмды шөл
 - C) Ну орман
 - D) Тақыр
 - E) Тоғай

22. Сарыарқада негізгі граниттен тұратын меридиан бағытындағы ірі антиклинальдың қалдығы:
- A) Баянауыл
 - B) Қызыларай
 - C) Ұлытау
 - D) Қарқаралы
 - E) Шыңғыстау
23. Мырғалымсай полиметалл кен орны орналасқан таулар:
- A) Қаратау.
 - B) Сауыр-Тарбағатай.
 - C) Мұғалжар.
 - D) Маңғыстау.
 - E) Жоңғар Алатауы.
24. Ресей, Қытай аралығында орналасқан ел
- A) Ауғанстан
 - B) Қырғызстан
 - C) Үндістан
 - D) Монғолия
 - E) Өзбекстан
25. Латын Америкасы елдерінің халқы .. дін ұстанады
- A) Православие
 - B) Даоцизм
 - C) Буддизм
 - D) Католик
 - E) Протестантық

4-нұсқа

1. География ғылымы зерттейді.
 - A) Табиғат денелері мен құбылыстарды.
 - B) Жер бетінің жеке аймақтарын.
 - C) Жердің Күн жүйесіндегі орнын.
 - D) Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын.
 - E) Жердің табиғатын, халқын, оның шаруашылығын.
2. Шығыс бағытына сәйкес келетін азимут:
 - A) 270°
 - B) 180°
 - C) 0°
 - D) 90°
 - E) 360°
3. Жырлардың пайда болуы неге байланысты:
 - A) Ауаның құрғақшылығына.
 - B) Желдің әсеріне.
 - C) Өсімдіктер мен жануарлар әсеріне.
 - D) Судың ағуына.
 - E) Жоғары температураға.
4. Экватор ортасынан кесіп өтетін материк:
 - A) Африка
 - B) Аустралия
 - C) Солтүстік Америка
 - D) Еуразия
 - E) Антарктида
5. Қазақтың тұңғыш геолог - ғалымы:
 - A) Н.Баранский.
 - B) Ш.Алиев.
 - C) Қ.Сәтбаев.
 - D) И.Герасимов.
 - E) С.Неуструев.
6. Қазақстан аумағы орналасқан климаттық белдеу.
 - A) Қоңыржай.
 - B) Экваторлық.
 - C) Тропиктік.
 - D) Субарктикалық.
 - E) Арктикалық.

7. Қазақстан территориясындағы Солтүстік Қазақстан жазығының темір рудаларының кендері.
А) Соколов-Сарыбай.
В) Қаратау.
С) Зырян.
D) Қоңырат.
E) Қаражал.
8. Ақсу-Жабағылы қорығы орналасқан облыс.
А) Қарағанды.
В) Оңтүстік Қазақстан.
С) Жамбыл.
D) Қызылорда.
E) Алматы.
9. Қазақстан оңтүстік-батыста ... шектеседі
А) Азербайжанмен
В) Қырғызстанмен
С) Өзбекстанмен
D) Иранмен
E) Түркменстанмен
10. Бір ендікте жатқан табиғат кешендеріндегі айырмашылықтар ... байланысты.
А) тұрақты желге
В) ауа массаларына
С) рельефке және мұхиттан қашық орналасуына, климатқа, географиялық ендікке.
D) адамның іс-әрекетіне
E) жер асты суларына
11. Аустралияда жиі болып тұратын желдер аталады
А) Шаңдар
В) Самал
С) “Вилли-Вилли”
D) Тасқындар
E) Дауылдар
12. Бетпақдала ... оңтүстігінде орналасқан.
А) Балқаштың.
В) Сарыарқаның.
С) Торғай үстіртінің.
D) Мұғалжардың.
E) Тұран ойпатының.
13. Қант өнеркәсібінің орналасу принципі
А) ірі өндірістік қалаларда
В) портты қалаларда
С) тұтыну аймағында
D) жол торабында
E) шикізат көзінде

14. Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі
 - A) Өзбекстан
 - B) Ресей
 - C) Жапония
 - D) Қырғызстан
 - E) АҚШ
15. БҰҰ-ның ресми құрылған жылы.
 - A) 1945 ж.
 - B) 1950 ж.
 - C) 1941 ж.
 - D) 1940 ж.
 - E) 1949 ж.
16. Дүние жүзі бойынша жүгері өсіруден көрнекті орын алатын мемлекет:
 - A) Австралия
 - B) Мексика
 - C) АҚШ
 - D) Қытай
 - E) Аргентина
17. Батыс Сібірдің ең басты байлығы:
 - A) Хромиттер.
 - B) Ас тұзы.
 - C) Апатиттер.
 - D) Мұнай.
 - E) Тас көмір.
18. Испания астанасы.
 - A) Лондон.
 - B) Лиссабон.
 - C) Париж.
 - D) Рим.
 - E) Мадрид.
19. Мыс өндіруден Латын Америкасының жетекші елі
 - A) Эквадор
 - B) Парагвай
 - C) Боливия
 - D) Перу
 - E) Чили
20. Платформалардың шөгінді жыныстар жауып жатқан бөлігі
 - A) Тақта
 - B) Қалқан
 - C) Геосинклиналь
 - D) Рифт
 - E) Платформа

21. Географиялық қабықтың ырғақтылық заңдылығы:
- A) Мұздардың еруі
 - B) Судың булануы
 - C) Желдің соғуы
 - D) Өсімдіктердің өсуі
 - E) Күн мен түннің ауысуы
22. Қазақстанның дала зонасының дәрілік өсімдіктері.
- A) Бидайық, боз.
 - B) Жанаргүл, шайшөп.
 - C) Қияқ, құрақ.
 - D) Боз, еркек шөп.
 - E) Бетеге, атқонақ.
23. Алюминий шикізаты:
- A) Мергель, саз
 - B) Аллунит, нефелин, боксит
 - C) Полиметалл, мұнай, боксит
 - D) Асбест, ас тұзы
 - E) Кварц, көмір, полиметалл
24. Қазақстан аумағын 5 экономикалық ауданға бөлген орыс ғалымы:
- A) И.Мушкетов
 - B) Н.Потаин
 - C) В.Докучаев
 - D) Н.Баранский
 - E) Л.Берг
25. Несие-қаржы қатынастардың атқаратын қызметі
- A) Дамушы елдердегі еуропалық банк жүйесінің жасалуы
 - B) Экономикасы дамыған елдердің дамушы елдерге қаржылай көмек көрсетуі
 - C) Аймақтық валюталар жүйесінің қарқынды дамуы
 - D) Экономикалық ақпараттар алмасуы
 - E) Қарыз және несиелер беру

5-нұсқа

1. Испан кемелері 1492 ж. ... мұхитын қиып өтті.
 - A) Тынық
 - B) Солтүстік Мұзды
 - C) Тынық-Үнді
 - D) Атлант
 - E) Үнді
2. Пандағы жасыл түс ... білдіреді.
 - A) Теңіздер және мұхиттарды.
 - B) Орманды.
 - C) Балшықты, сор топырақты (солончаки).
 - D) Таулар мен таулы үстірттерді.
 - E) Жазықтар мен құрғақтағы төмен жерлер.
3. Жер қыртысы қалың жер:
 - A) Мұхитта.
 - B) Тауда.
 - C) Материкте.
 - D) Шұңғымада.
 - E) Жазықта.
4. "Жаңа дүние" деп ... айтамыз.
 - A) Еуропаны.
 - B) Еуразия.
 - C) Азияны.
 - D) Африканы.
 - E) Американы.
5. Бұқтырма су қоймасы салынған өзен:
 - A) Сырдария.
 - B) Іле.
 - C) Орал.
 - D) Есіл.
 - E) Ертіс.
6. Мүйізінен (панты) бағалы дәрілік шикізат алынады.
 - A) Бұлан.
 - B) Елік.
 - C) Марал.
 - D) Таутеке.
 - E) Кабарга (Құдыр).
7. Бурабай курорты орналасқан тау.
 - A) Баянауыл.
 - B) Көкшетау.
 - C) Маңғыстау.
 - D) Қарқаралы.
 - E) Мұғалжар.

8. Қалпына келмейтін табиғи ресурстар
 - A) Орман ресурстары
 - B) Жел энергиясы
 - C) Су ресурстары
 - D) Пайдалы қазбалар
 - E) Жер ресурстары
9. Су көлігінде жетекші орындағы өзен
 - A) Есіл
 - B) Ертіс
 - C) Жайық
 - D) Тобыл
 - E) Іле
10. Дала зонасының өсімдіктері:
 - A) Шәмшат, балқарағай
 - B) Емен, жеке ағашы
 - C) Мүк, қына
 - D) Шырша, майқарағай
 - E) Селеу, бетеге
11. Ірі Африкалық жарықтар ... орналасқан.
 - A) ортасында
 - B) шығысында
 - C) оңтүстігінде
 - D) батысында
 - E) солтүстігінде
12. Австралияның ең биік жері:
 - A) Масг-Раив
 - B) Косцюшко
 - C) Атлас
 - D) Гималай
 - E) Альпі
13. Сарыарқаның басты өзендері.
 - A) Шу, Іле.
 - B) Сырдария, Қаратал.
 - C) Тобыл, Ойыл.
 - D) Жайық, Ембі.
 - E) Есіл, Нұра.
14. Қазақстан импорт тауарлардың басым бөлігін әкеледі.
 - A) АҚШ пен Канададан.
 - B) Қырғызстан мен Тәжікстаннан.
 - C) Швеция мен Бельгиядан.
 - D) Австрия мен Венгриядан.
 - E) Қытай мен Ресейден.

15. Теңіздің жағалық бөліктеріне «шабуылдаушы» елдер:
- A) Ресей, Канада.
 - B) Филиппины, Индонезия.
 - C) АҚШ, Мексика.
 - D) Нидерланды, Жапония.
 - E) Италия, Греция.
16. ... елдері мұнайды шет елдерден алады (импорттайды)
- A) Солтүстік Африка.
 - B) Шетелдік Еуропа.
 - C) Таяу және Орта Шығыс.
 - D) Ресей.
 - E) Кариб ауданы.
17. Өзбекстанның астанасы ...
- A) Бұхара.
 - B) Ашхабад.
 - C) Ташкент.
 - D) Кушка.
 - E) Бішкек.
18. Дүние жүзіндегі гүл өсіруге жақсы маманданған ел:
- A) Германия.
 - B) Исландия.
 - C) Франция.
 - D) Нидерланды.
 - E) Италия.
19. Австралияда аборигендер халықтың ... құрайды.
- A) 1 %
 - B) 15 %
 - C) 10 %
 - D) 50 %
 - E) 5 %
20. Географиялық қабықтың ырғақтылық заңдылығы:
- A) Өсімдіктердің өсуі
 - B) Желдің соғуы
 - C) Күн мен түннің ауысуы
 - D) Судың булануы
 - E) Мұздардың еруі
21. Орта Азияның физикалық географиясы мен геологиясына арналған “Түркістан” еңбегін жазған
- A) Н. Северцов
 - B) П. Семенов
 - C) А. Краснов
 - D) А. Бутаков
 - E) И. Мушкетов

22. Тауқұм құмды шөлі орналасқан
- A) Балқаш маңында.
 - B) Батыс Сібір жазығында.
 - C) Тұран жазығында.
 - D) Бетпак Дала.
 - E) Үстіртте.
23. Қоңырат, Саяқ кен орындарынан алынады:
- A) Молибден
 - B) Мыс.
 - C) Марганец.
 - D) Қорғасын
 - E) Никель.
24. Қазақстан Республикасының ең үлкен облысын атаңыз.
- A) Қарағанды облысы.
 - B) Солтүстік Қазақстан облысы.
 - C) Алматы облысы.
 - D) Ақтөбе облысы.
 - E) Шығыс Қазақстан облысы.
25. АҚШ-тағы жеміс-көкөніс өсіретін негізгі аудан :
- A) Небраска.
 - B) Калифорния.
 - C) Техас.
 - D) Минчиган.
 - E) Юта.

6-нұсқа

1. Дүние жүзін алғаш рет айналып шыққан саяхатшы:
 - A) Ф. Магеллан
 - B) Н.М.Преживальский
 - C) Х. Колумб
 - D) Дж. Кук
 - E) Васко да Гама
2. Азимут өлшенетін градус аралығы
 - A) 270° - 360°
 - B) 0° - 180°
 - C) 90° - 180°
 - D) 180° - 270°
 - E) 0° - 360°
3. Атмосфераның төменгі қабаты
 - A) Мезосфера.
 - B) Стратосфера.
 - C) Ионосфера.
 - D) Озоносфера.
 - E) Тропосфера.
4. Ең үлкен дүние бөлігі -
 - A) Австралия.
 - B) Антарктида.
 - C) Еуропа.
 - D) Америка.
 - E) Азия.
5. Ең суық мұхит:
 - A) Солтүстік Мұзды
 - B) Үнді
 - C) Атлант
 - D) Оңтүстік
 - E) Тынық
6. Географиялық қабықтың құрамына ... кіреді.
 - A) Мантия, ядро, ионосфера, магносфера.
 - B) Атмосфераның жоғарғы қабаты, мантия, гидросфера, магносфера.
 - C) Литосфераның жоғарғы қабаты, гидросфера, биосфера, атмосфера.
 - D) Биосфера, гидросфера, ядро, жоғарғы мантия.
 - E) Ядро, мантия, гидросфера, ионосфера.
7. Теңіз көлінде орналасқан қорық:
 - A) Ақсу-Жабағылы
 - B) Наурызым
 - C) Қорғалжын
 - D) Барсақелмес
 - E) Үстірт

8. Таусылмайтын табиғи ресурстар
- A) Жануарлар әлемі.
 - B) Минералды.
 - C) Отын ресурстары.
 - D) Күн сәулесі және жел.
 - E) Өсімдік әлемі.
9. Қант зауыты бар қалалар:
- A) Ақтөбе, Атырау
 - B) Қостанай, Көкшетау
 - C) Шымкент, Қызылорда
 - D) Өскемен, Семей
 - E) Тараз, Алматы
10. Дала зоналарында басым келетін топырақ түрі:
- A) Ала топырақ.
 - B) Қара топырақ.
 - C) Қызыл топырақ.
 - D) Күл аралас.
 - E) Қоңыр топырақ.
11. Андыны зерттей отырып биік белдеу идеясын негіздеген ғалым
- A) Н.И. Вавилов
 - B) А. Гумбольдт
 - C) Г.И. Лангсдорф
 - D) Н.Г. Рубцов
 - E) А. Чириков
12. Ебі желін алғаш рет сипаттап жазған ғалым
- A) Н. Северцов
 - B) Ш. Уалиханов
 - C) В. Обручев
 - D) И. Мушкетов
 - E) В. Сапожников
13. Құнарлы топырақпен ерекшеленетін табиғат зонасы
- A) тундра
 - B) шөл
 - C) тайга
 - D) дала
 - E) тропикалық ормандар
14. Батыс Тянь-Шаньда орналасқан қорық
- A) Қорғалжын.
 - B) Үстірт.
 - C) Ақсу Жабағылы.
 - D) Барсакелмес.
 - E) Наурызым.

15. Халықаралық экономикалық қатынастардың несие беру қызметін... атқаруы:
- A) Халықаралық сауда
 - B) Қаржы
 - C) Инвестиция
 - D) Географиялық еңбек бөлінісі
 - E) Ғылыми-техникалық байланыс
16. Электр энергиясының артықшылықтарының бірі:
- A) Автомобиль көлігімен тасымалдау
 - B) Теміржолмен тасымалдау
 - C) Шикізатқа тәуелді
 - D) Тасымалдау кезінде қуатының артуы
 - E) Қашықтыққа жеткізіп отыру
17. ГМД елдеріндегі ең ірі мұнай бассейнін анықтаңыз.
- A) Орал.
 - B) Батыс Қазақстан.
 - C) Баку.
 - D) Поволжье.
 - E) Батыс Сібір.
18. Молдова төмендегі өзендер аралығында орналасқан:
- A) Прут, Днестр
 - B) Днепр, Дунай
 - C) Ока, Неман
 - D) Волга, Неман
 - E) Дунай, Волга
19. Оңтүстік Еуропа елдерінің басты ауыл шаруашылық саласы.
- A) Қой шаруашылығы.
 - B) Жібек шаруашылығы.
 - C) Дәнді дақыл.
 - D) Мақта.
 - E) Жүзім шаруашылығы.
20. Қазақстанның ең қысқа шекарасы ... мемлекеті арқылы өтеді.
- A) Түрікменстан.
 - B) Өзбекстан.
 - C) Қырғызстан.
 - D) Тәжікстан.
 - E) Қытай.
21. Алтайдың қазақстандық бөлігінің климаты
- A) Қоңыржай
 - B) Қоңыржай теңіздік
 - C) Шұғыл континентті
 - D) Қоңыржай тропиктік
 - E) Қоңыржай континентті

22. Алюминий өндірісінің Павлодарда орналасуының себебі
- A) Қолайлы көлік қатынасы
 - B) Еңбек ресурстарына жақын
 - C) Тұтынушы көзіне жақын
 - D) Су және энергия көзіне жақын
 - E) Шикізатқа жақын
23. Шығыс Қазақстан экономикалық ауданының тамақ өнеркәсібіндегі жетекші саласы:
- A) Ұн тарту.
 - B) Ет өнеркәсібі.
 - C) Кондитер өнімдері.
 - D) Жарма.
 - E) Май.
24. Халықаралық экономикалық байланыстардың дәстүрлі және ең дамыған түрі:
- A) Халықаралық сауда
 - B) Халықаралық туризм
 - C) Дүниежүзілік несие рыногы
 - D) Халықаралық еңбек бөлінісі
 - E) Халықаралық мамандану
25. Африка елдері ішкі айырмашылықтарына қарай ... аймаққа бөлінеді
- A) 5
 - B) 3
 - C) 4
 - D) 7
 - E) 6

7-нұсқа

1. Грек тілінен аударғанда «география» сөзінің мағынасы:
 - A) Жерді сипаттап жазу
 - B) Жерді оқу
 - C) Жерді зерттеу
 - D) Жерді сызу
 - E) Жерді өлшеу
2. Аспан мен жердің түйіскен жері.
 - A) Горизонталь.
 - B) Бағдарлау.
 - C) Көкжиек.
 - D) Съёмка.
 - E) Жер бедері.
3. Тау жыныстарының түрлері
 - A) Ядро
 - B) Мантия
 - C) Шөгінді, магмалық, метаморфтық.
 - D) Биологиялық
 - E) Тақталар
4. Ежелгі солтүстік материк:
 - A) Австралия
 - B) Пангея
 - C) Лавразия
 - D) Евразия
 - E) Гондвана
5. Табиғат зоналарының аттары сәйкес келеді
 - A) Жәндіктер сипатына
 - B) Климат белдеулеріне
 - C) Өсімдік сипатына
 - D) Жануарлар сипатына
 - E) Географиялық белдеулерге
6. Қазақстандағы темір рудаларының негізгі кен орындары:
 - A) Қарқара, Шұбаркөл
 - B) Соколов-Сарыбай, Лисаков
 - C) Хромтау, Арқалық
 - D) Саяк, Қоуынрад
 - E) Қаражал, Саяк
7. Қазақстанның орманды дала зонасы ... орналасқан.
 - A) Каспий маңы ойпатында
 - B) Батыс Сібір жазығында
 - C) Торғай үстіртінде
 - D) Қазақтың ұсақ шоқысында
 - E) Мұғалжарда

8. Қазақстан территориясының аумағы (мың км²):
- A) 2070,1
 - B) 2710,4
 - C) 2724,9
 - D) 1550,2
 - E) 2700,2
9. Маңғыстау мен Атырау-Ембі мұнайын өңдейтін жер:
- A) Шымкентте.
 - B) Атырауда.
 - C) Қостанай.
 - D) Павлодарда.
 - E) Торғайда.
10. Солтүстік және оңтүстік полюстер төңірегіндегі географиялық белдеу:
- A) Қоңыржай
 - B) Тропиктік
 - C) Экваторлық
 - D) Субэкваторлық
 - E) Полярлық
11. Еуразиядағы ең биік сөнбеген жанартау:
- A) Везувий
 - B) Фудзияма
 - C) Ключи шоқысы
 - D) Гекла
 - E) Этна
12. Канаданың мемлекеттік туында бейнеленген ағаштың аты
- A) Шырша
 - B) Қайың
 - C) Қарағай
 - D) Емен
 - E) Үйеңкі
13. Сарыарқаның табиғат зоналары.
- A) Орман, дала.
 - B) Дала, шөл, шөлейт.
 - C) Шөл, шөлейт.
 - D) Биік таулы аймақтар.
 - E) Орманды дала, дала, шөл.
14. Ақсу-Жабағылы қорығының жануарлары
- A) Ақ тырнақты аю
 - B) Ақ қояндар
 - C) Күзендер
 - D) Қарсақтар
 - E) Суырлар

15. Азияның конституциялық монархиялы елдері.
 - А) Непал, Бутан, Таиланд, Малайзия, Иордания
 - В) Пәкістан, Иран, Индонезия, Корей, Бруней
 - С) Вьетнам, Лаос, Мьянма, Камбоджа, Жапония
 - Д) Ирак, Түркия, Ауғаньстан, Бутан
 - Е) Сирия, Үндістан, Шри-Ланка, Иордания
16. Гибралтар бұғазы ... материктері арасында орналасқан.
 - А) Африка және Еуразия.
 - В) Африка және Австралия.
 - С) Еуразия және Австралия.
 - Д) Солтүстік Америка және Еуразия.
 - Е) Солтүстік және Оңтүстік Америка.
17. Еуропаның “кіші” мемлекеттерінің бірі:
 - А) Португалия.
 - В) Испания.
 - С) Германия.
 - Д) Нидерланды.
 - Е) Франция.
18. АҚШ-тың байырғы тұрғындары
 - А) Ағылшындар.
 - В) Афроамерикандықтар, негірлер.
 - С) Үндістер.
 - Д) Ирландықтар, шотландтар.
 - Е) Испандықтар, мексикалықтар.
19. Австралия экспортқа шығарады.
 - А) Мақта.
 - В) Ірімшік.
 - С) Қой жүнін.
 - Д) Тары.
 - Е) Астық.
20. Арал теңізін зерттеген ғалымдар:
 - А) Сәтбаев, әл-Фараби
 - В) Северцов, Берг.
 - С) Семенов, Мушкетов.
 - Д) Уәлиханов, Борщов, Рубрук.
 - Е) Глинка, Герасимов, Неуструев.
21. Терісі бағалы су аңдары өсірілетін Қазақстан көлі:
 - А) Алакөл.
 - В) Зайсан.
 - С) Теңіз.
 - Д) Марқакөл.
 - Е) Балқаш.

22. Аккумулятор зауыты .. орналасқан.
- A) Лениногорскіде
 - B) Оралда
 - C) Талдықорғанда
 - D) Қарағандыда
 - E) Қостанайда
23. Орталық Қазақстанда химия өнеркәсібінің шикізаты.
- A) Автокөліктің пайдаланған газы.
 - B) Рудалық кен орындарымен бірге болатын әр түрлі газдар.
 - C) Рудалық химиялық шикізат.
 - D) Мұнай-газ кендерінің қалдығы.
 - E) Шахталық газ, металлургиялық заводтардан шығатын газдар.
24. Қазақстан Венгрия мемлекетінен ...өнімдерін импорттайды
- A) ауыл шаруашылық
 - B) дәрі- дәрмек, медмеханика, металлургиялық құбырлар
 - C) химиялық өнеркәсіп тауар
 - D) мақта, мұнай, фосфор
 - E) тоқыма
25. Молдованың жүк тасымалдайтын негізгі көліктері
- A) Әуе, өзен
 - B) Автомобиль, әуе
 - C) Мұхит, құбыр
 - D) Темір жол, автомобиль
 - E) Теңіз, әуе

8-нұсқа

1. Магеллан саяхатының мәні
А) Жаңа аралдар ашылды.
В) Жердің шар тәрізді екені дәлелденді.
С) Африка ашылды.
D) Үндістанға жол ашылды.
E) Жаңа жерлер ашылды.
2. Ірі масштаб
А) 1 : 10 000.
В) 1 : 500.
С) 1 : 250.
D) 1 : 2 000 000.
E) 1 : 1 000 000.
3. Жанартаудың төбесінде пайда болған шұңқыр
А) Кратер
В) Эпицентр
С) Жанартау көмейі
D) Магма
E) Жанартау ошағы
4. Төрт мұхитпен ұласып жатқан материк
А) Аустралия
В) Оңтүстік Америка
С) Солтүстік Америка
D) Еуразия
E) Африка
5. Географиялық қабықтағы ең ірі табиғат кешені
А) Арал
В) Көл
С) Материк
D) Түбек
E) Өзен
6. Жер бетіне келетін тура және шашыранды радиацияның қосындысы
А) Шағылған радиация.
В) Тура радиация.
С) Шашыранды радиация.
D) Жұтылған радиация.
E) Жиынтық радиация
7. Батыс Сібір жазығының негізгі өзені
А) Сарысу
В) Есіл
С) Ертіс
D) Сырдария
E) Тобыл

8. Халықтың өсу заңдылықтары туралы ғылым:

- A) Демография.
- B) География.
- C) Этнография.
- D) Экология.
- E) Биография.

9. Медициналық приборлар жасау

- A) Астана
- B) Алматы
- C) Атырау
- D) Ақтау
- E) Ақтөбе

10. Табиғи күйінде ағаш өсімдігі негізгі орын алатын табиғат зона:

- A) Орман
- B) Шөл
- C) Тундра
- D) Дала
- E) Шөлейт

11. Екі рет экваторды кесіп өтетін өзен :

- A) Конго
- B) Нигер
- C) Замбези
- D) Лимпопо
- E) Ніл

12. Мұздықтардың еруінен, ұзақ жауатын нөсер жаңбырдан болатын апатты жағдай

- A) Сел тасқыны
- B) Жер сілкінісі
- C) Цунами
- D) Дауыл
- E) Жанартау

13. Қазақстанның Қызыл кітабына енген шөптесін өсімдік.

- A) Долана.
- B) Селеу.
- C) Ақ жусан.
- D) Дермене жусаны.
- E) Қоңырбас шырыш.

14. Әйгілі Шайтанкөл орналасқан ұлттық парк

- A) Іле Алатауы
- B) Алтынемел
- C) Баянауыл
- D) Көкшетау
- E) Қарқаралы

15. Орталық Қазақстандағы қара металлургияның даму себептері:
- A) Экономикалық- географиялық орнының қолайлығы.
 - B) Еңбек ресурстарымен жақсы қамтамасыз етілуі.
 - C) Шикізат пен отын энергетикасының болуы.
 - D) Көлік жолының жақсы дамуы.
 - E) Мол су көзіне жақын орналасуы.
16. Христиан дінінің негізгі тармағы
- A) 2.
 - B) 3.
 - C) 1.
 - D) 5.
 - E) 4.
17. Дүние жүзінде робот жасау және пайдаланудан I орында:
- A) Жапония.
 - B) Канада.
 - C) Италия.
 - D) Финляндия.
 - E) АҚШ
18. Еуропадағы химия өнеркәсібінің жетекші елі:
- A) Польша.
 - B) Италия.
 - C) Ұлыбритания.
 - D) Дания.
 - E) Германия.
19. Федеративті Республика
- A) Мексика
 - B) Уругвай
 - C) Перу
 - D) Чили
 - E) Боливия
20. Пішіні, көлемі, жасы, биіктігі бойынша жер бетінің сипаты
- A) Тік қозғалыстар
 - B) Табиғат компоненттері
 - C) Үгілу
 - D) Жер бедері
 - E) Сыртқы күштер әрекеті
21. Қазақстан аумағындағы тас ғасырдың көне ескерткіштері табылған
- A) Қаратау маңынан
 - B) Есіл жағасынан
 - C) Бетпақдаладан
 - D) Еділ сағасынан
 - E) Бұқтырма өзенінен

22. Қазақстанның ең ірі ет комбинаты
- A) Өскемен
 - B) Қарағанды
 - C) Семей
 - D) Астана
 - E) Теміртау
23. Халықаралық экономикалық қатынастардың құрамындағы маңыздысы
- A) Шетелдік инвестиция
 - B) Қаражат және несие
 - C) Халықаралық сауда
 - D) Ғылыми-техникалық байланыстар
 - E) Халықаралық еңбек бөлінісі
24. Арменияның маманданған саласының бірі:
- A) Химия, тамақ өнеркәсібі
 - B) Түсті металлургия, машина жасау
 - C) Металл өңдеу
 - D) Қара металлургия
 - E) Ауыл шаруашылығы
25. Тропиктік ағаш сүрегін экспорттаушы елдер
- A) Сенегал, Мали, Чад
 - B) Эфиопия, Самоли, Нигер
 - C) Кения, Танзания, Уганда
 - D) Габон, Конго, Экваторлық Гвинея
 - E) Джубути, Зинбабва, Ботсвана

9-нұсқа

1. Жер Күннен ... орналасқан
 - A) 4-ші
 - B) 5-ші
 - C) 2-ші
 - D) 3-ші
 - E) 1-ші
2. Экватордың ұзындығы(км) :
 - A) 20000
 - B) 30000
 - C) 40000
 - D) 60000
 - E) 50000
3. Желдің соғу себебі
 - A) Кориолис күшінен
 - B) Қысымның айырмасынан
 - C) Температураның айырмасынан
 - D) Жердің өз білігінен айналуынан
 - E) Жердің Күнді айнала қозғалуынан
4. Ең суық климаттық белдеу
 - A) Қоңыржай белдеу.
 - B) Арктикалық белдеу.
 - C) Тропикалық белдеу.
 - D) Субтропиктік белдеу.
 - E) Экваторлық белдеу.
5. Табиғат зоналарының экватордан полюстерге қарай алмасуын ...деп атайды.
 - A) Жазықтық зоналық
 - B) Ендік зоналық
 - C) Экваторлық зоналық
 - D) Биіктік зоналық
 - E) Полюстік зоналық
6. Қазақстан аумағының батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы
 - A) 4500 км
 - B) 5000 км
 - C) 3000 км
 - D) 4000 км
 - E) 1600 км

7. Ебі желі соғатын өңір
 - A) Алтай тауының шығысында.
 - B) Солтүстік.
 - C) Жоңғар Алатауының шығысында.
 - D) Елдің солтүстік-шығысында.
 - E) Батыс өңірде.
8. Қазақстанның Өзбекстанмен шекарасының ұзындығы (км) :
 - A) 600
 - B) 2300
 - C) 7591
 - D) 1460
 - E) 980
9. Марал шаруашылығымен айналысатын аймақ:
 - A) Атырау
 - B) Павлодар
 - C) Шығыс Қазақстан
 - D) Маңғыстау
 - E) Орталық Қазақстан
10. Тундраның өсімдіктері:
 - A) Селеу, бетеге
 - B) Шырша, майқарағай
